Бекітемін:
Мектеп директоры м.а.
Мадьярова А.М.
28.08.2024ж.

Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі:
Исмагулова А.Б.

ӘБ жетекшісі:
ӘБ отырысында қаралды
Хаттама №1

# «Функционалдық сауаттылық және грамматика»

4 сынып

Мұғалім: Байкенова А.Х.

2024-2025 оқу жылы

Обаған ауылы

## Түсінік хат

XXI ғасыр жаңа технологиялар мен ақпарат дәуірі болғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі заман талабына сай жаңа міндеттермен бетпе-бет келеді. Оқытудың негізгі мақсаты - оқу мазмұнын жаңарту, сонымен қатар әр түрлі әдістер мен оқыту құралдарын қолдану тиімділігін арттыру. Білім саласындағы ең алдымен маңызды ілімнің бірі-тіл білімі. Тәуелсіз еліміздің басты мақсаты-өркениетті дамыған елу ел қатарына ену, ал өркениетке қол жеткізуде, жан-жақты дамыған, рухани ой-өріске бай тұлғаның, болашақ өскелең дарынды таланттардың қалыптасуының орны ерекше.

Оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту-қазіргі таңдағы жаңашыл, креативті жан-жақты дамыған оқытушылардың жауапты да басты міндеттерінің бірі.

Білім ошағында оқытылатын барлық пәндерді игеру, меңгеру-білім алушы үшін де педагог үшін жауапкершілікті танытатын маңызды мәселелердің бірі болып отырғандықтан, әрбір білім баспалдағына қадам жасап отыру барысында оқыту және оқу принциптеріне қатысты екі тараптан да қызығушылық пен ынта болуы тиіс. Ал, бұл мәселенің көзін ашатын, алғашқы қадам жасайтын, әрине-ұстаз. Сондықтан, педагогтың оқыту жүйесіндегі еңбегі орасан зор болуы керек. Мектеп табалдырығынан кіргеннен бастап орта мектепті аяқтағанға дейін, жоғарғы оқуға түсіп білікті маман иесі атынып аяқтағанға дейін өтілетін негізгі пәндердің бірі-қазақ тілі.

Тіл білімі күнделікті қолданыста жүрген тілдерді қарастырады. Адамзат баласы ерте заманнан-ақ өзіне ең қажетті құрал – тілдің ерекшеліктерін білуге, ұғынуға тырысқан.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қалыптастыру-заман талабы. Сондықтан ,қазақ тілін оқыту барысында оқушының тілін дамытып,функционалдық сауаттылығын арттыру, сөз байлығын арттыру - ең маңызды жұмыстардың бірі.

**Авторлық бағдарламаның мақсаты**:бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру,баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру.

**Авторлық бағдарлама міндеттері:**

-оқушының пәнге деген тұрақты қызығушылығын тудыру;
-оқушылардың өздігінен білімін толықтыра, жетілдіре отырып, жаңа білім алуы;
-оқушылардың бір-бірімен білім алмасуына дағдылануы;
-берілген білімді пысықтау;
-оқушының білімін тексеру, бақылау;
-шығармашылық қабілетін арттыру;

**Күтілетін нәтиже:**

- оқушы өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады ;
- оқушының жеке қабілеті айқындалады;
- іштей бір-бірінен қалмауға тырысады;
-тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті артады;

-сынып оқушылары толық бағаланады;
-әр бала өз деңгейіне , қабілетіне қарай бағаланады.

**Оқыту үрдісінде білім қорын молайту түрлері**:белсенділігін арттыруға,шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар. Оқушылардың теориялық білімдерін жүйелеу, алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдануға жаттықтыру, талдау, дәлелдеу қабілеттерін дамыту, әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормаларын меңгертуге жаттықтыру, сөздік қорын байыту, дұрыс оқу дағдыландыру мақсатын көздейді.

Жинақ фонетика, морфология бөлімдерінің негізгі ережелерін саналы , тиянақты меңгерту, үйрету мақсатына бағытталған білімдік, танымдық, дамытушылық, тәрбиелік мәндегі деңгейлік тапсырмалардан тұрады.Оқушылардың қазақ тілінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуге, тілдік объектілерінің қыр – сырын біліп, өзіндік ерекшеліктерін тани алуға, әр алуан тапсырмалар арқылы білім деңгейін молайтуға мүмкіндік береді. Тапсырмалар оқушылардың сабақта, сабақтан тыс кезде жұмыс істеуіне , тіл дамыту, жазу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жинаққа еңгізілген тапсырмалар мен жаттығуларды оқушылардың білім деңгейіне, мүмкіндігіне қарай пайдалана алады, яғни жұмыс түрлерін оқушылармен жеке- жеке жүргізуге, өтілген материалдарды жүйелі қайталауға болады. Жинақта белгілі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тақырыптарды қорытындылауда, жинақтауда, пысықтауда пайдаланатын кестелер түрлері берілді. Жинаққа енген материалды үлестірме және жеке тапсырмалар кестесі түрінде де пайдалана алады.

**Бағдарлама жаңашылдығы**: Аталған мақсатқа жетудің тиімді жолы ретінде оқытудың әр алуан технологиясын, әдістемесін пайдалану керек екені сөзсіз. Оқытудың қазіргі жаңа технологияларын меңгеру және оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктеріне сай келтіріп, сабақ үрдісіне ендіру мол ізденушілікті талап етеді. Әрине, ұстаз әрбір сабағын мазмұнды құрып, жаңа технологиямен сабақ беріп отырса, оқушылардың терең әрі тиянақты білім алуына жол ашылады. Сондықтан да қазіргі ұрпақты білім нәрімен сусындатуда жаңа технологияның алатын орны ерекше. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытуға көмектеседі. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік негізінде, сыйластық, бірлескен жұмыс, ашықтық, білімі мықты, қарым-қатынас қабілеті, тәртібі қалыптасқан, кеңейтілген дағдыларды меңгерген: білімді функционалдық және қазақ тілі деңгейлік тапсырмаларды қолдану; сыни ойлау; зерттеу жұмыстарын жүргізу; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; әртүрлі коммуникация түрлерін қолдану, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру; топта және жеке жұмыс жасау, жұптық жұмыстарды орындай білу, алған білімдерін жинақтап, әртүрлі мәселелерді шешуде қолдану икемділіктерін дамыту.

**Нормативті бөлім**
**Күнтізбелік тақырыптық жоспар**
**аптасына -1 сағаттан 34 сағат.**

| р/с | Бөлім Бөлімше Тақырып | Оқу мақсаты | Сағат саны | | | Білім нәтижесі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Барлығы | Лекция/Теория/ Практика1 | Практика2 | |
| 1 | Кіріспе . Курстың мақсаты және міндеті | Курстың мақсаты мен міндетіен таныстыру, пәнге қызығушылығын арттыру | 1 | 1 | | Дидактикалық тапсырмаларды орындайды , пәнге қызығушылығы артады |
| 2-3 | Үндестік заңы.Буын үндестігі | Үндестік заңы туралы, оның түрлері және буын үндестігі туралы білімдерін кеңейту | 2 | 1 | 1 | Дидактикалық тапсырмаларды орындай дағдылары қалыптасады |
| 4 | Дыбыс үндестігі | Дыбыс үндестігі туралы білімдерін арттыру | 1 | 1 | | Дыбыс үндестігі туралы білімдері артады |
| 5 | Көптік және тәуелдік жалғаулар | Көптік және тәуелдік жалғаулар туралы деңгейлерін арттыру | 1 | 1 | | Көптік және тәуелдік жалғаулар туралы білімдері артады |
| 6-7 | Септік жалғаулар | Зат есімнің септелу жүйесін және септік жалғауларының емлесін меңгерту, сөйлеу кезінде септік жалғауларын дұрыс қолдануға дағдылану | 2 | 1 | 1 | Септік жалғаулар туралы білімдері артады |
| 8 | Жіктік жалғаулар | Жіктік жалғауларының қолданысын білу, типтік тапсырмаларды орындау дағдыларын арттыру | 1 | 1 | | Жіктік жалғаулар туралы білімдері артады |
| 9 | Шылау туралы түсінік | Шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану дағдыларын дамыту | 1 | 1 | | Шылау туралы білімдері артады |
| 10 | Интонация | Интонация туралы білімдерін арттыру | 1 | 1 | | Интонация туралы білімдері кеңейеді |
| 11 | Кідіріс | Кідіріс және оның түрлері туралы білімдерін шыңдау | 1 | 1 | | Кідіріс туралы білімдері кеңейеді |
| 12 | Фразелогизмдер | Фразеологизмдер туралы білімдерін арттыру | 1 | 1 | | Фразелогизмдер туралы білімдері кеңейеді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Мақал-мәтелдер | Мақал- мәтелдерді күнделікті өмірде қолдана білу, олардың тіліміздегі сөздің көркі екенін ұғындыру. | 1 | 1 | | Мақал-мәтелдер туралы білімдері кеңейеді |
| 14 | Есімше | Есімше тақырыбын пысықтау | 1 | 1 | | Есімше туралы білімдері кеңейеді |
| 15 | Көсемше | Көсемшенің сөйлемдегі қызметін меңгеру, өзіндік тұжырым жасауға дағдылану, сыни ойлауға дағдылану. | 1 | 1 | | Көсемше туралы білімдері кеңейеді |
| 16 | Тұйық етістік | Тұйық етістік туралы білімдерін шыңдау | | | | Тұйық етістік туралы білімдері кеңейеді |
| 17 | Келер шақ | Етістіктің шақтары жөнінде алған білімдерін тереңдету, келер шақ, оның түрлері, болжалды келер шақтың жасалуы жайлы білімдерін арттыру | 1 | 1 | | Келер шақ туралы білімдері артады |
| 18 | Осы шақ | Осы шақ тақырыбында дидактикалық тапсырмаларды орындауға дағдылану | 1 | 1 | | Осы шақ туралы білімдері артады |
| 19 | Өткен шақ | Өткен шақ тақырыбында дидактикалық тапсырмаларды орындауға дағдылану | 1 | 1 | | Өткен шақ туралы білімдері артады |
| 20 | Етістіктің түрлері | Етістіктің түрлері тақырыбында дидактикалық тапсырмаларды орындауға дағдылану | 1 | 1 | | Етістіктің түрлері туралы білімдері артады |
| 21 | Райдың түрлері | Райдың түрлері тақырыбында дидактикалық тапсырмаларды орындауға дағдылану | 1 | 1 | | Райдың түрлері туралы білімдері артады |
| 22 | Еліктеу сөздердің мағынасына қарай бөлінуі | Негізгі және туынды еліктеу сөздер туралы білімдерін кеңейту | 1 | 1 | | Еліктеу сөздердің мағынасына қарай бөлінуі туралы білімдері артады |
| 23 | Еліктеу сөздің тұлғасына қарай бөлінуі | Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің мағыналық ерекшелігін туралы білімдерін арттыру | 1 | 1 | | Еліктеу сөздің тұлғасына қарай бөлінуі туралы білімдері артады |
| 24 | Еліктеу сөздің құрамына қарай бөлінуі | Еліктеу сөздің құрамына қарай бөлінуі тақырыбында дидактикалық тапсырмаларды орындауға дағдылану | 1 | 1 | | Еліктеу сөздің құрамына қарай бөлінуі туралы білімдері кеңейеді |
| 26 | Шылаудың түрлері . Жалғаулық шылау | Шылау туралы алған білімдерін жинақтау, жаттығу барысында шылау сөздерді табу дағдыларын дамыту | 1 | 1 | | Шылаудың түрлері . Жалғаулық шылау туралы білімдері кеңейеді |
| 26 | Септеулік шылау | Шылаудың түрлерін | 1 | 1 | | Септеулік шылау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | меңгерте отырып,септеулік шылаудың мәнін, қызметін түсіну дағдыларын арттыру | | | | туралы білімдері кеңейеді |
| 27 | Демеулік шылау | Демеулік шылау туралы түсінік беріп,олардың мағыналарын ажырата білу дағдыларын дамыту | 1 | 1 | | Демеулік шылау туралы білімдері кеңейеді |
| 28-29 | Одағайдың түрлері | Одағай сөздердің қолданылу аясы, жазылу емлесі, тыныс белгілері туралы білімдерін тиянақтауға тапсырмалар орындату. Одағайдың түрлері туралы білімдерін кеңейту | 2 | 1 | 1 | Одағайдың түрлері туралы білімдері кеңейеді |
| 30 | Оқшау сөздер | Оқшау сөздер тақырыбында дидактикалық тапсырмаларды оырндауға дағдылану | 1 | 1 | | Оқшау сөздер туралы білімдері кеңейеді |
| 31 | Қыстырма сөздер | Қыстырма сөздер ақырыбында дидактикалық тапсырмаларды оырндауға дағдылану | 1 | 1 | | Қыстырма сөздер туралы білімдері кеңейеді |
| 32 | Қаратпа сөздер | Қаратпа сөздің мағынасын, қаратпа сөздің сөзерден дауыс ырғағына қарай ерекшелеп айту керектігін, қаратпа сөздің сөздерден үтір арқылы ажыратуға дағдыландыру | 1 | 1 | | Қаратпа сөздер туралы білімдері кеңейеді |
| 33-34 | Тыныс белгілері Қорытынды.Тест | Тыныс белгілері тақырыбында дидактикалық тапсырмаларды оырндауға дағдылану | 2 | 1 | 1 | Тыныс белгілері туралы білімдері кеңейеді |

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***


1. *Қасымбек А.А. Қазақ тілі. «Арман - ПВ» баспасы, 2009.*
2. *Қасымбек А.А., Сәбитова З.Б. Қазақ тіліне әдістемелік нұсқау. «Арман - ПВ» баспасы, 2009.*
3. *Р.Сыздықова, Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш, Алматы, 1974.*
4. *«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, № 4, 2005,84 – бет,С. Қоянбекова, № 7, 2005, 36 – бет, С. Қоянбекова, № 4, 2006, 103 – бет, Г.Қайнетова.*
5. *Б.Бұлқышевтің публицистика саласындағы еңбектері.*
6. *Абай өлеңдері, I том, Алматы, Жазушы, 1968.*